

Мазмұны

1. Жалпы мәліметтер.
2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыс.
3. Ғылыми-экспозициялық және көрме жұмысы.
4. Ғылыми-қор және есеп-сақтау жұмысы.
5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.
6. Онлайн жұмыс
7. Музейдің әдістемелік жұмысы.
8. Бұқаралық ақпарат құралдары мен басылым қызметі.
Ғылыми кітапхана және ғылыми архив.
9. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.
10. Біліктілікті арттыру.
11. Музейдің материалдық-техникалық базасы.
12. Музейдің қоғамдық активі.
13. Музей қорғанысы.
14. Қорытынды.
15. 2022 жылғы міндеттер.
16. Негізгі көрсеткіштер бойынша есеп.
17. Музей қызметі бойынша есеп (форма №1- жылдық музей).
18. Музей қызметкерлерінің жарияланымдары
19. БАҚ музей қызметі туралы



1. Жалпы мәліметтер.

**101404 Қарағанды облысы.
Теміртау қ., Metallургтер даңғылы 28/4
Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының «Теміртау қалалық
тарихи-өлкетану музейі» КМҚК**

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі келушілер үшін 1973 жылдың 6 қарашасында ашылды. Ол төбесі жұмсақ, екі қабатты блок ғимаратында орналасқан. Алғашқысында ғимарат төртінші ықшам аудан сауда орталығына арналған. КСРО МИМ Қарағанды металлургиялық комбинаттың 6.11. 1973 жылғы № 572 бұйрығымен ғимарат ҚТӨМ-ына жалға берілді.

Бірінші қабаттың жартысында азық-түлік дүкені орналасқан. Жалпы аумағы 1098 м², экспозициялық алаң – 700 м², қор қоймасы- 80 м². 1990 жылы музей күрделі жөндеуге жабылды. Ақша құнының құлдырау салдарынан жұмыс көлемі 25% ғана орындалды.

Ол – ғимаратты жөндеу, сонымен қоса алаңы 80 м² экспозиция салынды – «Палеонтология», «Туған өлке табиғаты».

1996 ж. алдында қатып қалған жылу беру жүйесін қалпына келтіргеннен кейін, музейдің екінші қабаттағы бірінші залдары ашылды. 2001ж. музейдің төбесі күрделі жөндеуден өткен соң, музейдің экспозициялық алаңын қолдануға мүмкіншілік туды.

Мәдени орталықтарға жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы мемлекеттік бағдарлама жүзіндегі Жол картасы аясында 2009 жылы музей ғимаратының сыртқы келбеті өңделді және 2010 жылы электр және жылу жүйесі, ішкі бөлмелері, төбе жабындысы жөнделді.

Есеп беру кезеңінде музейде 10 зал жұмыс істейді.

№	Залдың атауы	Ашылған жылы
1	Туған өлке табиғаты	1991
2	Палеонтология	1991
3	Көрме залы	1999
4	«Археология» залы	1999
5	«Этнография және Қазақстан халықтар бірлігі » залы	1999-2001, 2006
6	«Қала тарихы» залы	2000,2005,2010
7	«Еске алу» залы	2000-2003,2010
8	«Нумизматика» залы	2001,2008
9	«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы	2009
10	Кіші көрме залы	2010

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жаңарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;

- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;
- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени-жаппай және туристік-экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

Жоспардың құрылу негізі:

- Мемлекеттік бағдарлама «Рухани жаңғыру»
- ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы
- Қазақстан Республикасының Президенті Қ. ж. Тоқаевтың "Қазақстан жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты" атты Жолдауы
- «Қазақстан-2050» стратегиясы
- «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идея
- «Ұлт жоспары - бес институциялық реформаны жүзеге асыру бойыншы 100 нақты қадам»
- «Халық тарих ағымында» бағдарламасы
- «Мәдени мұра» бағдарламасы
- Отаншылдықты тәрбиелеу бағдарламасы
- ҚР мемлекеттік және кәсіби мерекелері
- Ел және қала тарихындағы атаулы күндер

Офлайн и онлайн форматтағы музей жобаларының жұмысы:

- Ұрпақтардың жанды байланысы
- Туған қаланың көшелері
- «Теміртау – естелік суреттер»
- «Отбасымызбен музейге»
- «Қала көшелерін аралай...»
- «Музей бәріңіз үшін»- мүмкіндігі шектелген балаларға арналған бейімдеу бағдарламасы

2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмысы.

2021 жылғы барлық жұмыс, өзінде негізгі мақсаттар мен бағыттарды қамтыған 2020 жылдың соңында бекітілген ғылыми-жинақтау жұмыс жоспары бойынша құрастырылды. Пандемияға байланысты жұмыс жоспарын қайта қарастырып, жаңа форматқа ауысуға тура келді.

«Қала тарихы» залы

- Қаланың негізгі нысандарының құрылысы туралы фото - бейне материалдарды, қала тұрғындарының естеліктерін жинақтау
- ҚР Тәуелсіздік жылдарындағы емдеу мекемелерінің құрылу тарихы туралы материалдарды жинақтау.
- Теміртау қаласының Құрметті азаматы Н.Вахитова туралы материал жинау және буклет шығару.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қаланың дамуына үлес қосқан тұлғалар бойынша «Теміртаудың 100 тұлғасы» бөліміне материал жинақтау.

«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы

- Теміртау қаласының заманауи өндірістік кәсіпорындары туралы материал жинақтау.
- «Бизнестің жол картасы» және ҚИИД Мемлекеттік бағдарламаларға қатысушы орта және кіші бизнесінің кәсіпорындары туралы материал жинақтау.
- ҚР Тәуелсіздігі жылдарында Теміртау қаласының келбеті қаншалықты өзгергенін бейнелейтін құжат және фото материалдарын жинау.
- Теміртау қаласында мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы.
- Тәуелсіздік күніне арнайы материал жинақтап, іс-шара ұйымдастыру.

Еске алу залы

- ҰОС ардагерлері және Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер туралы материалдарды топтау.
- Теміртау қаласының қорғаныс Департаментімен бірлесе отырып, ардагерлердің майдан жолын, марапаттарын, естеліктерін, қолда бар ақпараттарды өңдеу.

Нумизматика залы

- Экспозиция бөлімдері бойынша экспонаттар жинақтау және сатып алу.
- Айырбастау қорына монеталар мен бондар жинау.
- «Теміртау қаласының банк жүйесі» бөлімін жаңартып, материалдар жинау.

Табиғат залы

- Жаңа интерактив аймақтарын құрастырып, іске асыру.
- Экспозицияның ақпараттық материалы толықтырылды.

Археология залы

- Ерте қола дәуірі пештерінің макеттері бойынша экспозицияны толықтыру.
- Тас еңбек құралдары, «Үңгір адамының» киімі интерактивті аймақты құрастыру.

Этнография залы

- Қазақ ұлттық костюмі туралы материал жинап, іс-шара ұйымдастыру
 - Костюмдерді зерттеу, тігу.
- «Қуыршақтар көрінісі» жобасының аясында
 - Қуыршақтарды ойластырып, тігу.

Көрме залы

- Теміртау суретшілерінің «Т- АРТ» клубының жұмысы
- Өткізілетін көрмелер бойынша буклеттер мен каталогтар жасау
- Өнер шығармаларын жинақтау: картиналар, мүсіндер, сәндік қол-өнер заттары.
- Өнер туындыларының қор коллекциясының каталогын жасау.

3. Ғылыми – экспозициялық жұмыс

Ғылыми – зерттеу және жинақтау жұмысы Тәуелсіз Қазақстанның заманауи тарихына, туған өлке тарихына деген қызығушылықты қалыптастыруға, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға, патриоттық және эстетикалық тәрбиеге бағытталды. Музей тұрақты экспозицияны жинақтаумен қатар, өз қорының негізінде және басқа да ұйымдар мен жеке тұлғалардың жинағы негізінде уақытша экспозицияларды құруды жалғастырды. Ғылыми – зерттеу жұмысының материалдарын қолдана отырып, есеп беру кезеңінде ғылыми құраммен жаңа тақырыптар зерттеліп, ескі экспозициялық тақырыптар жаңа деректермен толықтырылды.

2021 жылдың 18 қаңтарында «Ай жәдігері» жобасы аясында «КСРО-ның 1937-1958 жылдардағы лотерея билеттері» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозицияда келесі лотерея билеттері ұсынылды:

- ОСОАВИАХИМ лотерея билеттері, 1937 ж.
- Ұлы Отан соғысы жылдарындағы «Тыл-майданға» лотерея билеті, 1944 ж.
- «Бүкілодақтық жастар фестивалі» лотерея билеті, 1957 ж.
- Қазақ КСР-нің лотерея билеті, 1958 ж.

Лотерея билеттерін ҚарГРЭС-1 мекемесінің бұрынғы директоры А.К.Баублис сыйға тартты.

Экспозиция барысында ежелгі замандарда пайда болған, кейіннен КСРО-да лотерея билеттерін шығаруды қайта жаңғырту туралы әңгіме жүргізілді. Сонымен қатар лотерея билеттерінің ұтыс ойындарынан қаражаттардың қайда жіберілгені туралы, 20 ғасырдың бірінші жартысында лотереяда не ұтып алуы мүмкін екендігі туралы да айтылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қанша лотерея билеттері сатылғаны жайлы айтылды. 20 ғасырдың бірінші жартысында лотерея билеттерінің құны қанша болғандығы туралы баяндалды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желіде тікелей эфирде көрсетілді. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 19 қаңтарында фотосуретші Ярослав Кучинді еске алуға арналған көрме-акцияның ашылуы өтті.

Ярослав Кучин 2020 жылы қайғылы қаза тапқан танымал теміртаулық фотосуретші. Ярославтың жеке және отбасылық фото сессияларын қоса алғанда, көптеген тақырыптық фотосуреттер жобалары бар. Ол Теміртау қаласында түсірілген «Коса» фильмінің ресми фотосуретшісі болды.

Көрме-акцияны ұйымдастырған фотосуретшінің достары мен туыстары, олар Ярославтың соңғы үш жыл ішінде жасаған жұмыстарын ұсынды. Бұл жануарлар әлемі, Абстракция, Балалардың бет-әлпеті, Табиғи тақырыптар, Натюрморт симфониясы, Әлеуметтік мәселе сериясындағы жобалық суреттер. Көрме- акция аяқталғаннан кейін барлық жұмыстар сатылады, жиналған ақша отбасына көмек ретінде табысталады.

Көрменің ашылуы офлайн форматында өтті. Алғашқы келушілер «Сплав» фото-клубының мүшелері және қала суретшілері болды.

Интернет кеңістігін пайдаланушылар тікелей эфирде фотосуретшінің шығармашылығымен танысып, оның жұмыстарын көре алды.

2021 жылдың 15 ақпанында «Ай жәдігері» атты экспозиция ашылды. Бұл жолы экспозиция Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығару күніне арналды. Музейде 1969 жылғы үлгідегі Кеңес Армиясы әскери қызметшілерінің КСРО-ның ыстық аудандарында киетін армиялық панамасы ұсынылды.

Армиялық панамалар 1935 жылдан бастап Кеңес армиясының әскери қызметшілерінің формасының элементі болды, алайда 1969 жылғы үлгідегі панаманың кейпі Кеңес Одағының Ауғанстандағы соғысқа (1979-89 жж.) қатысуымен байланысты. Мұндай панамаларды әскери қызметшілер Орта Азия және Түркістан әскери округтеріндегі оқу бөлімдерінде, содан кейін Ауғанстанда әскери қызметін өтеу кезінде киді.

1980 жылдардың ортасынан бастап, 1969 жылғы үлгідегі әскери формаға қатысты көптеген шағымдарды ескере отырып, Ауғанстандағы Кеңес әскерлерінің формасы ауыстырыла бастады. Оның ішінде бас киім де өзгерді: армиялық панама фуражкаға ауыстырылды.

Панама тығыз мақта матадан тігілген, ауа өткізетін саңылаулары бар, иек белбеуі бар. 1988 жылы Ташкент қаласындағы Ахунбабаев атындағы бас киімдер фабрикасында жасалған.

Әскери панаманы 1990 жылы музей қорына Теміртау қаласы әскери комиссариаты командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары В. Г. Бодрягин тапсырды.

Экспозицияның ашылуы Instagram тікелей эфирінде өтті. Көрме бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 4 наурызында Теміртау қаласының Перзентханасының 50 жылдығына арналған «129 880» экспозициясының ашылуы өтті.

«Мен Теміртау перзентханасында дүниеге келдім» атты экспозиция музей акциясының нәтижесі болып табылады. Акция шарты бойынша, 1971 жылдан бастап қалалық перзентханада дүниеге келген теміртаулықтар музейге өздерінің сәби кезіндегі суреттерін жіберді. Акцияға 160-тан астам теміртаулықтар қатысты. Олардың фотосуреттері 129 880 санында көрсетілді. Дәл осыншама азаматтар саны Теміртау перзентханасында 50 жыл ішінде - 1971 жылғы наурыз бен 2021 жылғы ақпан аралығында дүниеге келген. (Теміртау қ. АХАТ деректері бойынша).

Акция бір ай бойы жүргізілді. Енді, Теміртау перзентханасында дүниеге келген, музейге келушілер жаңа туған нәрестелерге арналған клеенкалы биркаларда өз есімдерін жаза алады.

«129 880» экспозициясын ашу құқығы Теміртау қаласының Көпсалалы ана мен бала орталығының директоры С.Ф. Аманжоловаға және перзентхананың бұрыннан істеп жүрген қызметкерлерінің бірі А. В. Десятниченкоға берілді.

Экспозицияның ашылуына Теміртау қаласы Перзентханасының қызметкерлері мен ардагерлері шақырылды.

«129 880» экспозициясы бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 4 наурызы күні Теміртау қаласының Перзентханасының 50 жылдығына арналған «Аялы алақан» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозиция «Босану залы» инсталляциясынан тұрады, онда гинекологиялық креслоны, гинекологиялық және акушерлік құрал-саймандарды, босану залының нақты көрінісін барынша жақын көруге болады. Сондай-ақ, экспозицияда Теміртау

қаласындағы перзентхананың тарихы мен қазіргі замандағы жағдайы туралы баяндайтын ақпараттық блоктар орналасқан. Бұл бөлімде келушілердің жаңа туған нәрестені жөргектеу әрекеттерін нағыз жөргектеу үстелінде еске түсіруге немесе үйренуге мүмкіндігі болады.

Экспозицияны ашу құқығы Теміртау қаласының Көпсалалы ана мен бала орталығының директоры С.Ғ. Аманжоловаға және перзентхананың бұрыннан істеп жүрген қызметкерлерінің бірі А. В. Десятниченкоға берілді.

Экспозицияның ашылуына Теміртау қаласы Перзентханасының қызметкерлері мен ардагерлері шақырылды.

«Аялы алақан» экспозициясы бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 5 наурызында «Арт-мерейтой» көрмесінің ашылуы өтті.

Көрме қалалық «Т-Арт» суретшілер клубының құрылғанына 15 жыл толуына орайластырылған.

Тоғыз суретші өздерінің авторлық жұмыстарын көрсетті. Көрермендерді сурет салу өнерінде қолданылатын техникалардың алуан түрлігі қуантты. Бұл графика, акварель, майлы бояу, пастель, сонымен қатар сирек кездесетін графикалық бағыттар – офорт және линогравюра.

Клубтың дәстүрі бойынша, суретшілер бұрын көрмеге қойылмаған суреттерді ұсынды. Олар соңғы екі жыл ішінде жазылған.

Көрмеде көркемдік-білім беру бағдарламасы сыналды, онда қалаушылар картиналар жасау үшін шеберлер қолданған техника мен материалдарды анықтай алды.

Фотокөрменің ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде, сондай-ақ суретшілер, оқушылар мен Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебінің педагогтарының қатысуымен офлайн режимінде өтті.

2021 жылдың 17 наурызында «Тарихқа тағзым» күніне орайластырылған, қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Жамбыл поэзиясы. Музейлік ассоциациялар» экспозициясының ашылуы өтті.

Музей қызметкерлері Жамбыл Жабаевтың поэзиясын жан-жақты зерделеп, оның өлеңдерінің мазмұнын музей жәдігерлері арқылы жеткізді. Ақынның өлеңдері әртүрлі тақырыптарда жазылған: Отанға деген сүйіспеншілік, достық, тұрмыстық тақырыптарда. Қазақ ақынының қоршауға алынған ленинградтықтарға («Ленинградтық, өрендерім») поэтикалық жолдауы – поэмасы бүгінгі күнде де әскери поэзияның інжу-маржаны болып табылады.

Тақырыпты көркемдік тұрғыда ашу үшін алты экспозициялық аймақ жасалды. Әр аймақта Ж.Жабаевтың өлеңдерінен қазақ және орыс тілдерінде үзінділер орналасты, ал экспозицияда – музей заттарынан құрылған инсталляция ұсынылды. Іс-шараның ашылу барысында Теміртау қаласының №4 орта мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Іс-шараға қатысушыларға алғыс хаттар ұсынылды.

2021 жылдың 18 наурызында «Ай жәдігері» жобасы аясында «Басқұр» көрмесінің ашылуы өтті.

Наурыз мерекесі қарсаңында музей қазақ халқының материалдық мәдениетінің дәстүрлі, қызықты этнографиялық жәдігері - басқұрды ұсынды.

Басқұр міндетті түрде әрбір киіз үйде болу керек. Ол киіз үйдің маңызды элементі, басқұр сәндік рөл атқарды. Біздің көрермендер осы тоқылған таспаның қолданылу мақсаты, дәстүрлері мен процесі туралы ақпарат алды.

Басқұрдың ұсынылған фрагменті музейге 1985 жылы сыйға тартылды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен тікелей эфирде өтті.

2021 жылдың 2 сәуірінде «Ояну» көрмесінің ашылуы өтті. Ол «Арт-Чердак» шығармашылық мектебінің құрылуының бес жылдығына орайластырылды.

Музейдің үлкен көрме залында аралас техникада, графикада, акварельде, пастельде жасалған жетпіс сурет қойылды. Көрмеге оқушылар ғана емес, педагог Елизавета Эсли мен мектептің негізін қалаушы Ольга Павлова да қатысты.

Көрермендерді түрлі жанрлар мен суреттер тақырыбы қуантты. Натюрморттар, пейзаждар, портреттер және сюжеттік жұмыстар – мұның бәрі жас суретшілердің жұмыстарында ұсынылды.

Ашылу салтанатына ата-аналар мен мектеп оқушылары қатысты. Бейне үндеуді мектептің негізін қалаушы, танымал суретші, акварельші Ольга Павлова жасады. Оқушыларға ұстаздары мен ата-аналары тілек айтып, жылы лебіздерін білдірді.

2021 жылғы 5 сәуірде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қолдағы экономика» Тоисh-экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозиция алты бөлімнен тұрады, олардың әрқайсысы Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында құрылған Теміртау қаласының жас кәсіпорындары: «Универсалстрой Теміртау» ЖШС, «КМК Профиль» ЖШС, «Торговая Сеть ВАВИЛОН» ЖШС, «Гранит» ӨК, «Водоканалстрой» ЖШС, «ART – потолок» ЖШС туралы баяндайды.

Ақпараттық материалдары бар стендтер Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы логотипі бар монументалды таспалармен жиектелген. Экспозицияның техникалық дизайны оның ұтқырлығын қамтамасыз етеді-бөлімдерді жылжыту және толықтыру мүмкіндігін береді.

Экспозицияның ерекшелігі Теміртау тарихи-өлкетану музейі қала экономикасын әдеттегі экскурсия арқылы емес, жанасу сезімі арқылы зерттеуді ұсынды.

Кәсіпорын туралы баяндайтын әр бөлімде саңылауы бар контейнер орналасқан. Контейнер ішінде - кәсіпорын өнімінің үлгісі. Келушілер қолын тесікке салып, ішіндегі затты мұқият зерттеп, содан кейін контейнерді ашып, қаламызда шығарылатын өнімді өз көзімен көруі керек.

Көрменің алғашқы келушілері Теміртау мектептерінің оқушылары болды. Музей ұсынған экономиканы білудің ерекше формасы оқушыларға ұнады. Олар Теміртауда шығарылатын өнімді көріп қана қоймай, қаланың жас кәсіпорындары туралы да мәлімет алды.

Экспозицияның ашылуы барлық қажетті санитарлық талаптарды сақтай отырып өтті.

2021 жылғы 12 сәуір «Ай жәдігері» жобасы аясында адамның ғарышқа алғашқы ұшуының мерейтойына орайластырылған «1961 жылғы 13 сәуірдегі «Комсомольская правда» газеті» экспозициясының ашылуы өтті.

Алпыс жыл бұрын басылып шыққан бұл газет бірегей жәдігер болып табылады. Газеттің бірінші бетінде Кеңес Одағы Үкіметінің атынан 1961 жылы 12 сәуірде, Байқоңыр ғарыш айлағынан бортында адам бар «Восток» ғарыш кемесі ұшырылғаны туралы хабарлама басылған. Ғарыш кемесінің ұшқышы аға лейтенант Юрий Гагарин болды, сонымен қатар ғарышкердің суреті мен өмірбаяны басылды.

Ұсынылған жәдігерді Татьяна Аркадьевна Бурачкова музейге сыйға тартты.

Экспозицияның ашылу барысында әлеуметтік желідегі жазылушыларымыз ТАСС-тың алғашқы ғарыштық ұшу туралы ақпараттың неге кешіктіріліп шыққанын білді. Не үшін алғашқы ұшу туралы 3 құпия коммюнике жасалды. Гагариннің ұшуымен қандай төтенше жағдайлар болуы мүмкін еді. Осы және басқада қызықты ақпарат ұсынылды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен тікелей эфирде өтті.

2021 жылдың 27 сәуірінде Семей полигонының жабылуының 30 жылдығына және О.Сүлейменовтің 85 жылдығына арналған «Әлемді өзгерткен оқиғалар» атты экспозиция ашылды.

Экспозиция фотоқұжаттар мен жәдігерлердің көмегімен эмоционалды хаос стилінде жасалды.

Экспозицияның ақпараттық блоктары Қазақстан мен әлемдегі ядролық қару тақырыбын хронологиялық тұрғыдан ашады:

1898 жыл - М. Кюри уран минералы настураннан көп мөлшерде радиация бөлетін зат тапты. Бұл жаңалық ядролық қаруды жасауға серпін берді.

1945 жыл – АҚШ алғаш рет Манхэттен жобасы аясында жасалған ядролық қаруды әскери режимде сынап көрді. Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалалары бомбаланды.

1949 жыл – Семей ядролық сынақ полигонын пайдалану. 40 жыл бойы Қазақстан жерінде ядролық сынақтар жалғасты.

1989 жыл - «Невада-Семей» халықаралық қозғалысын ұйымдастыру. Ядролық жарылыстарға қарсы күрестің көшбасшысы қазақстандық ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов болды.

1989 жыл - «Невада-Семей» халықаралық қозғалысын ұйымдастыру. Ядролық жарылыстарға қарсы күрестің көшбасшысы қазақстандық ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов болды.

1991 жыл - ҚазКСР Президенті Н.Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Жарлық қабылдады. Қазақстан ядросыз мемлекеттің позициясын таңдады.

Экспозиция негізінде Meetup форматында (диалог алаңы) № 6 орта мектептің 9-сынып оқушыларымен экспозиция тақырыбы бойынша сұрақтар талқыланды.

2021 жылғы 20 мамырда «Ай жәдігері» жобасы аясында «1910-1916 жж. «Gustav Becker» қабырға сағаты» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозицияда неміс сағаттар шеберлігінің бірегей үлгісі – Теміртау музейінің қорында сақталатын, 1910-1916 жж. шығарылған «Gustav Becker» маятникі бар қабырға сағаты ұсынылды.

«Gustav Becker» сағат өндірісі 1847 жылы ашылған, сағат ісінің негізін қалаушы Густав Беккердің есімімен аталған. «Gustav Becker» өнімі Дүниежүзілік ЭКСПО көрмелерінің бірнеше мәрте қатысушысы болды, тапсырыспен канцлер Вильгельм I мен рейхсканцлер Бисмарктың сарайына жеткізілді.

1917 жылға дейін «Gustav Becker» сағаттары Ресей империясына әкелініп отырды. Қазан төңкерісінен кейін КСРО аумағына сағат импорттауға тыйым салынды.

Ұсынылған сағаттардың корпусы қызыл ағаштан жасалған, оюланған бөлшектермен безендірілген. Сағат механизмінің өзіндік ерекшелігі Силезиядағы өндіруші «Gustav Becker» фабрикасының зауыттық таңбасымен расталады, бұл таңба циферблатта және сағат механизмінің ішкі бөлігіне де басылған.

Сағаттар ХХ ғасырдың басында Столыпин реформасы бойынша Қазақстанға келген қоныс аударушылардың ұрпақтарынан музей қорына түсті.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетілді. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 11 маусымында ҚР дизайнерлер Одағының мүшесі, Теміртау тарихи-өлкетану музейінің бас суретшісі Хайниса Мұстафинаның шығармашылық кездесуі өтті

Кездесуге Қарағанды облысының мәдениет мекемелерінің басшылары, облыстың және қаланың шығармашылық зиялы қауымы қатысты.

Суретші «Өмір өрімдері» атты экспозиция ұсынды. Бұл автордың соңғы 5 жылда жасаған жұмыстары. 50-ге жуық графикалық суреттер мен бірқатар көркем инсталляциялар.

Ашылу салтанатында Теміртау қаласының мәдениет бөлімінің басшысы Шәкенова Айжан Қойшыбайқызы; Теміртау тарихи-өлкетану музейінің директоры

Скорикова Наталья Дмитриевна; «Т-Арт» теміртаулық суретшілер клубының төрағасы Юрий Пильтихин сөз сөйледі.

2021 жылдың 14 маусымында «Ай жәдігері» жобасы аясында Медицина қызметкерлері күніне арналған «Әскери фельдшер П.А. Карлаштың медициналық түтігі» атты экспозициясының ашылуы өтті.

Жәдігерді таңдау тек медициналық салаға ғана емес, сонымен қатар иесінің жеке басына да байланысты. Бұл медициналық түтік әскери фельдшер, Ұлы Отан соғысына қатысушы, Теміртау қаласының Денсаулық сақтау жүйесінің алғашқы қызметкерлерінің бірі Карлаш Павел Андреевичке тиесілі.

Экспозицияның ашылуына Павел Андреевичтің ұлы, осы жәдігерді музейге тапсырған - Карлаш Валерий Павлович қатысты. Ол өзінің әкесінің жауынгерлік жолы, Теміртауға келуі және осындағы өмірі туралы айтып берді.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 19 маусымында «Вдохновение» үлгілі вокалдық-хореографиялық ансамблінің 30 жылдығына орай, Теміртау қаласының Мәдениет сарайының фойесінде, «Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК «Вдохновение» ансамблі қызметінің шежіресін суреттер арқылы ұсынды.

ҮВХА «Вдохновение» 1991 жылы Теміртау қаласында ұйымдастырылды. Ұжым құрылған уақыттан бері 300-ден астам концерттік нөмірлер қойылды, ансамбльдің қоржынында республикалық және халықаралық байқаулар мен фестивальдардағы 100-ге жуық жеңіс бар, ұжым қатысушыларының саны 10-нан 250 адамға дейін өсті, ұжымның әрбір оныншы түлегі өз өмірін хореографиямен және вокалмен байланыстырды.

720-дан астам адам суреттер арқылы көрсетілген ансамбль шежіресімен танысты, олар - теміртаулықтар және «Вдохновение» ансамблінің мерейтойлық концертіне келген қала қонақтары.

2021 жылдың 2 шілдесінде тікелей эфирде Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебінің көркемөнер бөлімі оқушыларының есеп беру көрмесінің ашылуы өтті.

Ашылу салтанатында өнер мектебінің оқытушысы Елена Викторовна Милханова құттықтау сөз сөйлеп, көрмедегі жұмыстар туралы айтып, картиналардың техникалық және тақырыптық жақтарын сипаттады. Ал бітіруші сыныптың педагогы - Карягина Елена Сергеевна онлайн кеңістікте жұмыстың қиындықтарымен бөлісті.

Мектеп түлектері Огородников Роман және Хохлова Алена өздерінің дипломдық жұмыстарын көрсетті және оларды жасау процесі туралы айтты.

2021 жылдың 12 шілдесінде «Ай жәдігері» жобасы аясында Metallург күніне орай «Е.Байғазиевтің «Құрметті металлург» төсбелгісі» экспозициясы ашылды.

Теміртауда қалаға дем беруші кәсіпорын – металлургия комбинатында «Құрметті металлург» атағының маңызы мен мәні ерекше. Металлургтер мерекесі қарсаңында музей осы мамандықтың ең лайықты өкілдерінің бірі-Еламан Байғазиевті еске алуды ұсынды.

1944 жылы Қазақ металлургия зауытында кадрлар тапшылығын жабу үшін оны жас комсомолдар тобының құрамында Свердлов облысының Ревда металлургия зауытына оқуға жіберді.

Қайтып оралғаннан кейін алдымен шихташы, содан кейін №2 мартен цехының болат қорытушысы болып жұмыс істеді. Көп ұзамай ол жоғары жылдамдықта болат қорытудың танымал шебері, жастардың тәлімгері атанды.

1958 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын, ал 1963 жылы «Құрметті металлург» атағын алды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 30 шілдесінде тікелей эфирде Михаил Степанович Подлесныхтың көрмесінің ашылуы өтті.

Тікелей эфир Instagram-да өтті.

Бұл көрме - қала мәдениетінің дамуына баға жетпес үлес қосқан Теміртаудың Құрметті азаматының, суретшінің шығармашылығына көрсетілген құрмет.

Көрмеге суретшінің XX ғасырдың 50-90 жылдары жазылған Теміртау музейінің қорындағы өнер туындылары ұсынылды. Он алты сурет, олардың көпшілігі Теміртауға арналған. Өнеркәсіптік ландшафттың көркем суреттері әр жылдары қаланың келбеті қалай өзгергенін айқын көрсетеді.

Ашылу салтанатында музейдің көрме залында алғаш рет «Жұмыс таңы» және «Қызғылт кеш» атты екі жұмыс көрсетілді.

Суретшінің сүйікті табиғи пейзаждары көрменің көркіне айналды.

Тікелей эфир бейнеролигі әлеуметтік желілерде көрсетілді.

2021 жылдың 5 тамызында «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимінде Құрылысшылар күніне арналған «ҚарГРЭС-тің алғашқы құрылысшысының куәлігі» атты экспозициясының ашылуы өтті.

Көрермен назарына Самарқанд кентін Қазақстанның өнеркәсіптік орталығына айналдырған 30-шы жылдардағы керемет оқиғалар туралы баяндайтын сирек құжат ұсынылды. XX ғасырдың 30-шы жылдарының басында Қарағанды көмір бассейнінің белсенді дамуы басталды. Жұмысшылардың келу себебімен халықтың тез өсуіне байланысты су және электр қуатымен қамтамасыз ету мәселесі туындады. Су қоймасы мен су электр станциясын салу туралы шешім қабылданды. Самарқанд кентінің жанындағы Нұра өзенінен қолайлы орын табылды.

1934 жылы ДнепроГЭС-тің 50 тәжірибелі инженерлері мен техниктері Қазақстанға жіберілді. Әрбір жұмысшыға алыс жерге «ҚарГРЭСҚұрылыс» екпінді құрылысына 2 жылға іссапарға аттану туралы куәлік берілді. Мацнев Никифор Федорович, азамат соғысының ардагері, запастағы командир, ДнепроГЭС-тің құрылысшысы да осындай құжат алды.

Алғашқы құрылысшыларға оңай болған жоқ: тұрғын үй, техника және білікті мамандар болмады. Бірақ 1939 жылы су торабының құрылысы аяқталып, су қоймасын сумен толтыру басталды. Осы уақытқа дейін кенттің өзінде мектеп, балабақша, саябақ және жұмысшыларға арналған үйлер салынды.

1941 жылы көптеген тәжірибелі жұмысшылар майданға аттанды. Қалғандары тәулігіне 10-12 сағаттан жұмыс істеді, олар басып алынған аймақтардан көшірілген жабдықтарды орнықтырды.

1942 жылы ҚарГРЭС-1 Қарағандыға алғашқы тоқ берді.

Кейіннен көптеген алғашқы құрылысшылар басқа қалаларға кетті. Мацнев Никифор Федорович отбасымен Теміртауда қалды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

13 тамызда Спорт күніне арналған «Минутына 200 соққы» экспозициясының онлайн-ашылуы өтті.

Минутына 200 соққы - бұл спортшылардың жарыс кезіндегі ең жоғары жүрек қағысы. Бұл атауда спортшылардың Олимпиада ойындарына дайындық және өнер көрсету кезінде жасаған барлық күш - жігерін көрсетеді.

Экспозиция Олимпиада ойындарына қатысқан теміртаулық 20 спортшыға арналған. Олар теміртаулық жүзу, есу, дзюдо, синхронды жүзу, жеңіл атлетика және оқ ату, ауыр атлетика жаттықтырушыларының тәрбиеленушілері. Олардың қатарында соңғы XXXII жазғы Олимпиада ойындарының қатысушылары дзюдошы Ислам Бозбаев, жеңіл атлетші Мария Овчинникова, синхроншылар Немич Александра мен Екатерина, ескекші Владислав Яковлев бар.

Экспозицияда тек фото және деректі материалдар ғана емес, сонымен қатар Теміртау музейінің қорында сақтаулы тұрған олимпиадашылардың жеке заттары, спорттық мүкәммалдары, медальдары да қойылған.

2021 жылдың 3 қыркүйегінде Елена Малецкаяның «Сезім аймағы» атты жеке көрмесінің ашылуы өтті.

«Сезім аймағы» көрмесі суретшінің 90-шы жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейінгі шығармашылық қызметінің әртүрлі кезеңдерінде жасаған жұмыстарын жинады.

40 – тан астам түрлі жанрдағы суреттер – табиғат көріністері, портреттер, натюрморттар. Бірақ басым бөлігі - әйел бейнесі.

Мұнда көркем суреттер, графикалық суреттер, сәндік-қолданбалы өнер туындылары, сонымен қатар флюид техникасында жаңа жұмыстар ұсынылды.

Көрмеге «ЖАЛЫН-ПЛАМЯ» әдеби шығармашылық орталығының өкілдері, қалалық «Т-Арт» суретшілер клубының мүшелері, қаланың шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

2021 жылдың 10 қыркүйегінде Отбасы күні аясында «Отбасылық суреттегі тарих» атты сурет зерттеудің тұсаукесері өтті.

Жыл бойы сегіз мың қор фотосуреттерін зерделеу арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде теміртаулықтардың бірнеше жүздеген отбасылық фотосуреттері іріктелді.

Естеліктерді, өмірбаяндық анықтамаларды, жеке істерді зерттей отырып, таңдау бірнеше отбасыға түсті - Назарбаевтар, Әубәкіровтер, Оразбековтер, Брух, Мацневтер, Перхиндар, Баймұрзиновтар, Касапиди, Валеевтер, Майжоловтар. Отбасылық суреттерде 33 адам бар, олардың әрқайсысы туралы «Отбасылық суреттердегі тарих» экспозициясында баяндалды.

«Отбасылық суреттердегі тарих» атты сурет зерттеулері инсталляция элементтері бар экспозициялық аймақтар түрінде ұсынылған. Музей заттары мен суреттер отбасының әр мүшесінің жеке өмірбаянымен ХХ ғасырдың тарихи және саяси процестерімен қатар жүреді.

Тұсаукесер оффлайн режимінде өтті, оған Теміртау қ. № 6 ЖББОМ 9-сынып оқушылары, БАҚ өкілдері және Теміртау қаласының тұрғындары қатысты.

2021 жылдың 16 қыркүйегінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Деректі куәгерлер. Қазақстандағы ХХ ғасырдағы жазба тарихы» экспозициясының ашылуы өтті.

Көрермендер назарына латын әліпбиін қолдана отырып, қазақ тілінде жазылған сирек кездесетін құжат ұсынылды.

1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде, қолданылатын жазу таңбаларын нақтыламай бекітеді.

Бүгінде қазақ жазбасы дамудың жаңа кезеңіне – латын қарпіне көшуге бет бұруда. Біздің тарихымызда бір әліпбиден екінші әліпбиге көшу орын алған.

VII-VIII ғасырларда Араб халифатының Орталық Азияда исламның таралуы үшін көп жылдар бойы жүргізген соғыстың нәтижесінде араб жазуы Орта Азия мен Қазақстанда рухани және зайырлы мектептерде, ресми хат алмасуда қолданылды.

ХХ ғасырға қарай араб өрме жазуының кемшіліктері ерекше айқын болды, ең бастысы, ол қазақ тілінің фонетикалық алуан түрлілігін жеткізе алмады.

1926 жылдың Бірінші Бүкілодақтық түркітану съезінде көпшілік дауыспен жаңа заманауи әліпбиді әзірлеу туралы шешім қабылданды. Көптеген пікірталастардан кейін 1929 жылы Қазақ жазбасын латын қарпіне көшіру жүзеге асырылды.

1940 жылы Қазақстанда барлық кеңес халықтарын кириллицаға аудару саясатының салдарынан жаңа әліпби қабылданды.

Бүгінгі ауысуға Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылғы 26 қазанда Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын әліпбиіне көшіру туралы Жарлыққа қол қою арқылы бастамашы болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ақпараттық кеңістік үнемі өзгеріп отыратынын бірнеше рет атап өтіп, бұл бастаманы қолдайтынын білдірді. Латын қарпіне көшу жас ұрпақтың жаңа болмысқа органикалық түрде енуіне көмектеседі.

Экспозицияның ашылуы музейдің әлеуметтік желідегі парақшаларында тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 23 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында Т.Әубәкіров атындағы гимназияның 30 жылдығына арналған «Алғашқылар» атты экспозиция ашылды.

Экспозицияда гимназияның қалыптасуы мен оның қазіргі өмірімен байланысты фотосуреттер мен деректі материалдар ұсынылған. Құжаттар экспонаттармен – 1990 жылдардағы Т.Әубәкіров атындағы гимназияның музейге берілген мектеп оқулықтарымен толықтырылды.

Көрме қонақтары 1990 жылдары мектеп-гимназия сыныбының бір фрагментін бейнелейтін арнайы құрылған фотозонда естелік суреттер түсірді.

Экспозицияның ашылуына Теміртау қаласында алғашқы инновациялық оқу орнын құруға тікелей қатысы бар педагогтар қатысты.

2021 жылғы 29 қыркүйекте әлем суретшілері туындыларының фото-қайта құру көрмесінің ашылуы өтті.

Келушілер «Мәдени мұра. XX-XXI ғасырлардағы өнерге заманауи көзқарас және Америка Құрама Штаттары мен Қазақстанның мерекелік дәстүрлері» гранттық жобасы аясында Теміртау SOS балалар ауылының бүлдіршіндері жасаған жұмыстарды көре алды.

Көрмеге 50-ден астам жұмыс қойылған. Бұл әлем суретшілері туындыларының 20 фотосуреті және оған қоса балалар шығармашылық үдерісте жасаған 20 фоторепродукция. Сондай-ақ, XIX-XX ғасырлар стиліндегі «Отбасылық фото сессия» сериясынан 11 фотосурет.

Әр фоторепродукцияның жанында қонақтар фото реконструкция жасау үшін пайдаланылған заттарды көрді.

Ашылу салтанатына балалар, жоба қатысушылары қатысты. Олар суретшілердің жұмыстары мен қайта құру фотосуреттерін жасаудағы шығармашылық процесс туралы айтты.

Қалағандар аудио гидтерді қолдана алды және белгілі бір суреттерге экскурсия тыңдады.

Көрмеге келушілер «Естелік суретке түсу» фото аймағында суретке түсіп, Данияр Дүйсембаев өткізген фотоөнер бойынша шеберлік сабаққа қатысты.

2021 жылдың 1 қазан күні қаланың мәдениет мекемелерінің мерейтойына арналған «Менің әжемнің ашылымдары» атты экспозиция ашылды.

Биыл Металлургтер мәдениет сарайы (БЖТ) мен «Восток» кинотеатры 65 жылдығын, Энергетиктер мәдениет сарайы мен "Комсомолец" кинотеатры 60 жылдық мерейтойын атап өтеді.

Афишалық тумбалар ретінде айшықталған экспозиция XX ғасырдың 50-60 жылдары ашылған Теміртау қаласының мәдениет нысандары туралы баяндайды.

Экспозицияның ашылуына № 6 ОМ оқушылары қатысты, олар әжелерінің жас кезінде қандай нысандар танымал болғанын біліп қана қоймай, сонымен қоса музей жәдігерлері мен «қолтырауын» ойыны арқылы 60-шы жылдардағы жастардың бос уақыттарын қалай өткізгені туралы біле алды.

2021 жылдың 15 қазанында «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимінде Рухани келісім күніне арналған «Беті қатпайтын атеистер одағының «Мүшелік билеті» экспозициясының ашылуы өтті.

Кеңес Одағында дін коммунизмге апарар жолдағы кедергі болып саналды, сондықтан елде белсенді атеистік насихат жүргізілді.

Кеңес Одағында дін коммунизмді жеңуге кедергі болып саналды, сондықтан елде белсенді атеистік насихат жүргізілді.

Оның рупорларының бірі «Атеист» газеті болды. Суретті басылым тез танымал болды. Мәскеуде «Атеист» газетінің достар Қоғамы пайда болды. Бұл қоғамның мүшелері 1925 жылы Бүкілодақтық дінге қарсы ұйым – «Атеистер одағын» құрды. 4 жылдан кейін ұйым қалыпты мінез-құлықтан бас тартуды нақты көрсету үшін «Беті қатпайтын атеистер Одағы» деп аталды.

Одақтың алғашқы ұйымдары зауыттарда, фабрикаларда, колхоздарда және тіпті оқу орындарында пайда болды. «Атеисттердің» жиналыстары, митингілері мен шерулері кеңес азаматтарының өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Белсенділер аулаларға діннің зияны туралы дәрістер оқыды, кейде пәтерлерге «рейдтер» ұйымдастырды - олардан иконалар іздеді және бейсаналық азаматтарды ұялтты.

Осыған ұқсас ұйым Самарқанд кентінде, болашақ Теміртау қаласында да жұмыс істеді. «КСРО-ның беті қатпайтын атеистер одағының» мүшелік билетін Гончаров Яков Макаровичке 1938 жылы 19 қарашада ҚарГРЭС ұйымы тапсырған.

Яков Макарович - Днепрогэс құрылысында жұмыс істеген, ҚарГРЭС-тің алғашқы құрылысшыларының бірі.

Бүгінде Қазақстан Республикасында 18 конфессияның өкілдері бейбіт өмір сүруде. Әрбір азамат кез келген дінді ұстануға немесе атеистік нанымды ұстануға, конфессияны ауыстыруға, діни немесе атеистік насихатпен айналысуға, діни білім алуға құқылы.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың 22 қазанында Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің қорынан сәндік-қолданбалы өнер көрмесінің ашылуы өтті. Көрме Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында өтті.

Көрме Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған. Ол өткен және қазіргі заманның халық шеберлерінің сәндік-қолданбалы өнерінің 65 бұйымын сыйдырды.

Келушілер XIX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы жәдігерлер ұсынылған бірегей, ауқымды көрмені көрді.

Бірінші болып жинақпен танысқан Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебінің оқытушылары мен оқушылары болды. Көрме аясында таныстыру экскурсиясы өтті.

2021 жылдың 15 қарашасында «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде ұлттық валюта -Теңге күніне арналған «Proof» сапалы коллекциялық монета» экспозициясының ашылуы өтті.

«Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына 1993 жылғы 12 қарашада қол қойылды.

Қазақстанда қолма-қол ақшаның екі түрі қолданылады: банкноттар мен монеталар.

Қазақстанда банкнот фабрикасы өз жұмысын 1995 жылы бастады. Бүгінгі таңда теңге әлемдегі ең технологиялық және әдемі валюта болып саналады. Қазақстандық

бондар Халықаралық банкнот қоғамдастығының жыл сайынғы конкурсында үш рет «Жылдың үздік банкноты» атағын алды.

1992 жылы Үлбі металлургия зауыты негізінде Өскемен қаласында Қазақстан теңге сарайы құрылды.

1993 жылы алғашқы ұсақ монеталарды шығарды, ал 1999 жылы - күмістен жасалған «proof» сапасындағы алғашқы коллекциялық монеталар шықты.

«Proof» - бұл монеталар мен медальдардың ең жоғары сапасы. «Proof» монетасының тегіс айналы беті мен қарама-қарсы күңгірт бедердің үйлесімі басты айырым белгісі болып табылады. Осындай сападағы монеталарды жасау арнайы жабдықтар мен технологияларды қолдана отырып, жеке режимде жасауды қажет етеді.

Қазақстан тантал мен күмістен жасалған монеталарды өндіруге айрықша құқық иесі болып табылады. Тантал-сирек кездесетін металл, балқу температурасы 3000 °С, коррозияға жақсы қарсы тұрады. Ол аэроғарыш саласында белсенді қолданылады, осыған байланысты осы металл кірістері бар алғашқы монеталарды ғарыш тақырыбына арнау туралы шешім қабылданды.

Қазақстандық коллекциялық монеталар бұл жоғары технологиялар мен ойластырылған дизайнның үлгісі ғана емес, бұл металда іске асырылған еліміздің тарихы мен мәдениеті.

Көрменің ашылуы Instagram тікелей эфирде өтті.

2021 жылдың 26 қарашасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Апгрейд» қалалық суретшілер көрмесінің ашылуы өтті.

Көрмеге қатысуға суретшілер, олардың арасында танымал кәсіпқойлар шақырылды, сондай-ақ шығармашылықта өз жолын бастағандар да жауап берді.

Олар 95 авторлық жұмысты ұсынды. Бұл Қазақстанның Тәуелсіздік кезеңінде жасалған үздік туындылар.

Жұмыстар табиғи және қалалық пейзаждарды, түрлі-түсті натюрморттарды, графикалық портреттерді қоса алғанда, бай жанрлық палитраны жинады. Көрермендерді керемет линогравюра, сәндік-қолданбалы өнер туындылары, шағын пішінді мүсін, коллаждар, акрилді құю және флористика техникасында жасалған картиналар қуантты.

Әрбір суретшіге Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған көрмеге қатысушы ретінде атаулы сертификат берілді.

29 қараша күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған «Өзгерістер уақыты» экспозициясының ашылуы өтті.

«Музей ассоциациялары» жобасы аясында құрылған экспозиция Қазақстан Тәуелсіздігінің жариялануының алдындағы біздің мемлекетіміздің тарихының күрделі кезеңін, атап айтқанда, 1985-91 жылдардағы КСРО-дағы қайта құру кезеңін және кейінгі оқиғаларды: Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың алғашқы демократиялық сайлауын және жас республиканың қалыптасуының алғашқы қадамдарын ашады.

Экспозицияның фоны - қайта құру дәуіріне тән суреттері бар баннерлер: жартылай бос дүкендердегі кезектер мен митингілер. Қайта құру дәуірі туралы деректі және фототүсірілімдер Кеңес Одағының күйреуінен қалған тұғырларды бейнелейтін графикалық тіректерге орналастырылған. Әрбір құжат – қайта құру кезеңіндегі көптеген оқиғалардың бірі – алкогольге қарсы компания, КӘШК-нің Ауғанстаннан шығарылуы, «Невада – Семей» қозғалысы және т.б. - мұның бәрі өзгерістерге сенетін қазақстандықтардың жандарына терең әсер етті. Дереккөздерін Теміртау өлкетану музейінің қорында сақталатын көлемді жәдігерлер де растайды: самогон аппараты, алкогольсіз үйлену сценаріі, жауынгер-интернационалистің берцы етігі, дозиметр, тапшы тауары бар тор сөмке, азық-түлік талондары.

Бүкіл экспозиция бойымен сызықтар өтеді, ал сызықтарда сол дәуір үшін маңызды «Қайта Құру. Жариялылық. Үдеріс» сөздері жазылған.

Экспозицияның қорытынды бөлімі 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Президенті лауазымы құрылған сәттен бастап 1991 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстанда алғашқы демократиялық сайлау өткізілгенге дейінгі тарихи оқиғаларды құжаттық түрде қайта жаңғыртады.

Оқиға хроникасы Теміртау қ. үлгісінде де ұсынылған: Теміртау музейінің қорларынан алынған құжаттардың түпнұсқаларын көруге болады: Н. Ә.Назарбаевтың сайлауалды бағдарламасы, Қарағанды металлургия комбинатының үгіт парақшалары, қалалық газеттер де сайлауға қатысуға және Н. Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қолдауға шақырады.

Деректі экспозицияның қорытынды бөлімінде 1991 жылғы 1 желтоқсандағы сайлау бюллетені және Қазақстанның Тұңғыш Президенті антының мәтіні орналастырылған.

Сайлау өткізуге арналған стенд көрмеде ерекше орын алды. Интерактивті аймақ жас келушілерге - болашақ сайлаушыларға сайлау өткізу ережелерімен танысуға мүмкіндік береді.

Экспозиция тек 1985-91 жылдар дәуірімен байланысты құжаттар мен жәдігерлер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар үлкен білім беру жүктемесі бар ақпараттық блоктармен жабдықталған: экспозиция негізінде жоғары сынып оқушылары мен студенттерге тарих сабақтарын өткізуге болады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнінің 30 жылдығы қарсаңында, 2021 жылдың 14 желтоқсанында «Тәуелсіздіктің 30 жетістігі» инсталляциясының ашылуы өтті.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстан көптеген маңызды жетістіктерге қол жеткізді, бірақ инсталляция үшін біз олардың 30-ын таңдадық, олар туралы жәдігерлер баяндайды.

Инсталляцияның көркемдік шешімі - бұл Қазақстанның тарихи даму спиралінің қардай аппақ орамы. Біздің спиральға болашақтан кіріп, қор заттары – бір бума бидай, глобус, газқағар, корей таяқшалары, ғарыш кемесінің болттары және т.б. арқылы айнала қозғала отырып, жас мемлекеттің жетістіктері туралы білуге болады.

Қазақстан Тәуелсіздігінің мызғымастығын білдіретін инсталляция орталығына барлық жолдан өткеннен кейін ғана қол жеткізуге болады.

Инсталляция Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған Теміртау музейінің экспозициялық іс-шараларының соңғы нүктесі болды.

Ашылу салтанатына Теміртау қаласының № 31 орта мектеп оқушылары және БАҚ өкілдері қатысты.

2021жылдың 24 желтоқсанында, 14 қаңтарға дейін жұмыс жасайтын, «Музейлік Жаңа жыл» танымдық бағдарламасы жүзеге асырылды.

Арнайы жаңа интерактивті аймақтар дайындалды. Әр аймақтың тақырыбы – «сыйлық қап». Олар музей кеңістігінің барлық залдарында орналасқан және кешті көңілді өткізуге мүмкіндік береді.

- Таспаға өз тілектерін жазып, үлкен тілек қабына кіріп, қонақтар оны сол жерде қалдырды.
- Жанасу қабын қолмен ұстап көріп, ол жерде не жасырылғанын тапты.
- Ал болжау қабы келесі жылы оларды не күтіп тұрғанын білуге мүмкіндік берді.

Интерактивті фотоаймақтар жұмыс істеді – «Абстракция» орманы, Фотосыйлық, 50 - ші жылдардағы Жаңа жыл, Аяз Атаның шанасы - онда қонақтар басқа кейіптерге еніп, түрлі костюмдер киіп, тіпті XX ғасырға да аттанып кетті.

2021 жылдың 28 қарашасында «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Алғашқы қазақстандық құрыш» экспозициясының ашылуы өтті.

Музейге келушілердің назарына қалыңдығы 2,5 см және салмағы 6 кг болатын болат құймалары - Қазақстанның болашақ қара металлургия алыбының тұңғышы ұсынылды.

Қазақстанда үлкен металлургия зауытын салу идеясын XX ғасырдың 30-шы жылдары КСРО Ғылым Академиясының толық мүшесі, ғалым-геолог Қаныш Сәтбаев ұсынған болатын. 1940 жылы геологиялық барлау жұмыстары басталды.

Ұлы Отан соғысы барлық жоспарларды өзгертті. Үлкен металлургия зауытының орнына жедел қарқынмен шағын қайта өңдеу зауытының құрылысы басталды.

1943 жылдың қазан айында Самарқанд кентінде құрылған Казметаллургстрой тресі Самарқанд су қоймасы мен Қарағанды ГРЭС-1 маңында зауыт құрылысын бастады.

Кавказ бен Украинадан эвакуацияланған жабдықтар цехтарда орнатылды. Жаңа зауыт үшін металлург мамандарының жетіспеушілігін жас қазақ жігіттерді Оралдың көне металлургиялық зауыттарына болат балқыту ғылымын игеруге жіберу арқылы шешті.

1944 жылы 30 желтоқсанда мартен пешінің жұмыс алаңында майдан маңындағы аудандардан әкелінген металл сынықтары мен шойын дайындалды. Толтыру машинасы әлі болған жоқ, сондықтан пешті 20 адамнан тұратын 3 жұмысшы тобы әр 10 минут сайын ауысып отырып толтырды. Жүктеу 9 сағатқа созылды.

1944 жылдың 31 желтоқсанында сағат 12-де ағын тесіліп, астау арқылы шөмішке балқытылған металл ағысы құйылды. Осылайша республикадағы алғашқы мартен пешінде алғашқы қазақстандық болат алынды.

Теміртау қаласы ол кезде әлі болған жоқ, Қазақ металлургия зауыты туралы ешкім білмейді де, бірақ қазақстандық болат қару-жарақ пен әскери техника өндірісіне толық қолданылып жатты.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2021 жылдың қорытындысы:

Жасалған экспозициялар жоспарға сәйкес, үнемі жаңа материалдармен толықтырылып отырды, көркем шешуі мүмкіндігінше жаңартылды, жаңа тақырыптағы экспозициялар пайда болды.

4. Ғылыми - қор және есеп-сақтау жұмысы.

Есеп беру мерзімі ішінде музей қоры **350** экспонатқа толықтырылды. 2020 жылдың соңында экспонаттардың жалпы саны – **24 310**, оның ішінде **негізгі қор – 18 038**, **ғылыми-қосымша – 6272**.

Қорға келіп түскен құнды жәдігерлер:

1. "Goschveimachina" тігін машинасы, XX ғасырдың басы

"Госшвеймашина" маркалы тігін машиналары 1923-1931 жылдар аралығында Подольск қаласындағы зауытта "Зингер" фирмасының ерекше қосалқы бөлшектерімен шығарылды. Атауы латын әріптерімен жазылған тігін машинасы экспортқа арналған дегенді білдіреді.

Мұражайға Теміртау қаласының тұрғыны тапсырған.

БИК 17893/ НКҚК 3091.



2. ҰОС кезіндегі қашқынның куәлігі

Ueberläuferschein қашқын куәлігі РККА командирлеріне, жауынгерлеріне және саяси қызметкерлеріне Неміс Қарулы күштерінің жағына өтуге шақырады.

Музейге Теміртау қаласының тұрғыны Г. Ф. Раева тапсырды.

БИК 17981/ ҚҚК 7194.



3. ҰОС кезіндегі трофейлік дәрілер қобдишасы.

Ұрыс алаңында жараланғандарға алғашқы көмек көрсету үшін Вермахт трофейлік дәрілер қобдишасы. Ішінде неміс тілінде дәрі-дәрмектердің орналасуы жазылған.

Музейге Теміртау қаласының тұрғыны В. П. Карлаш тапсырды.

БИК 17991/ НКҚК 3140.



4. XX ғасырдың ортасы мен аяғындағы оюлы иінағаш

Иінағаштың үш түрінің бірі. Ол XVIII ғасырда пайда болды, бірақ иілген иінағаш сияқты кеңінен таралмады.

Музейге Теміртау қаласының тұрғыны сыйға тартты.

БИК 18071/ НКҚК 3143 .



5. Металл айылбастармен және түрлі түсті белгісіз материалдармен қапталған қолдан жасалған ерлер белбеуі.

"Қазақстан Халықтарының бірлігі" залының «Көшпенділер аңшылығы» бөлімінің экспозициясын кеңейту үшін азамат Ж. Қағбаттан қолдан жасалған ерлер белдігі сатып алынды.

БИК 18071/ НКҚК 3144.



Қорларды ғылыми жинақтау мыналардың есебінен жүзеге асырылады:

- қала тұрғындары мен қонақтарынан музей заттарын, кітаптарды, фотоқұжаттық материалдарды қабылдау;
- мұражайдың ғылыми қызметкерлерінің қалалық және облыстық мұрағаттарындағы жұмыстары;
- тарихи және өмірбаяндық сипаттағы материалдарды жинау,
- Теміртау қаласының қалыптасу кезеңдерін бейнелейтін;
- жеке заттар мен коллекцияларды сатып алу.

Көрмелерде және басқа да жұмыстарда қолданылатын негізгі және ғылыми қосымша қор экспонаттарының саны – **12 080**. Музей жұмысын насихаттау мақсатында экспонаттарды жинақтау және жинақтарды іріктеу үшін Теміртау музейінің жинақтарының тізімі құрылды.

Негізгі қор цифрлі жүйеге енгізілді. Электронды тасымалдағышқа **8118** экспонат енгізілді. Жаңартуды талап ететін – **70** жәдігер, жаңартылғаны - **83**. Жыл бойы жаңартылған жәдігерлер көркем өнер, құжат және фото қорларына жатады.

Ай сайын қор қоймасын тазалау шаралары өткізіледі. Жәдігерлерді құрғату және желдету бас қор сақтаушының белгілеген кестесіне сай орындалады

Қор қоймасы бірінші қабатта орналасқан. Бөлме екі есікпен жабдықтандырылған: темір және металл шыбықтан, терезесі металлмен жабылған және тор орнатылған. Жол картасы бағдарламасы бойынша жөндеу жұмыстары кезінде терезелер бекітілді. Көлемді экспонаттар металл стеллаждарда сақталады,

нумизматика қоры – оргшыныдан жасалған кассеталарда немесе бөлінетіні бар қағаз конвертте, киімдер ілгіште ілулі бетінде. Қымбат металлдан жасалған заттар металл сейфте сақталады.

Жыл сайын музей қорын толықтыру шешілмеген мәселелерге тап болады. Музей қорларына заттарды ақысыз алу мүмкіндігі азаяды (өлім, эмиграция, экономикалық жағдай). Жәдігерлерді сатып алу үшін мақсатты қаржыландыру жоқ, жеке тұлғалардан жәдігерлерді сатып алу мүмкіндігі үшін құқықтық база жоқ.

Қор қоймасы жай-күйінің деңгейін жақсарту үшін стационарлық күзет сигнализациясын орнату, температуралық режимі және ылғалдылық реттегіші бар желдеткішті қалпына келтіру қажет. Қор жәдігерлерінің жай-күйі қанағаттанарлық. Қор қоймасындағы жабдық нормаларға сәйкес келмейді. Қосымша металл шкафтарды орнатуға және жәдігерлерді сатып алуға мақсатты қаржыландыру қажет.

5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.

Есеп беру кезеңі аралығында музейде **31 ашық іс – шара** өткізілді. Олардың жартысы ірі қалалық көрме болса, жартысы мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналды.

2021 жылдың 4 ақпанында «Қызықты адамдармен кездесу» жобасы аясында Теміртау қаласының әйелдер гимназиясы оқушыларының Теміртау музейінің басшысы Н.Д.Скориковамен кездесу - сұхбаты өтті.

Кездесу барысында кәсіби және жеке сипаттағы тақырыптарда 20-дан астам сұрақтар қойылды. Ең қызықты сұрақ музейге шақыру қағазымен марапатталды.

2021 жылдың 16 ақпанында Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығына орай «Мыңжылдықтың ұлы тұлғалары» атты ғылыми-зерттеу квиз өткізілді.

Квиз «Әлихан Бөкейхан атындағы гимназия» КММ-нің 9 «А» сынып базасында өтті. Іс-шараны өткізуге Ә.Бөкейхановтың өмірін баяндайтын шағын экспозиция негіз болды, ал әрбір қатысушыға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мұрағаттардан алынған құжаттардың көшірмелері бар папкалар дайындалды.

Квиз 4 турдан тұрды: блиц сұрақтар, құжаттармен жұмыс, көкпар, қара жәшік. Оқушылар 2 ойыншыдан 5 командаға бөлінді, әр команда түрлі тапсырмаларды орындай отырып, ұпай жинау керек болды, 4 турдың нәтижелері бойынша 28 ұпай жинап, Базарбаев Руслан мен Амангелдіқызы Аружан жеңімпаз атанды.

19 наурызда Наурыз мерекесі аясында Қазақстанда ұлттық қолөнер күні атап өтіледі. Осыған орай «Көшпенділердің өнертабыстары» атты музей мерекесі өтті.

Тарихшылар мен археологтар заттық деректерге сүйене отырып, ежелгі өркениеттің көшпелі әлемі материалдық мәдениеттің көптеген заттарын әкелгенін дәлелдеді, онсыз қазіргі қоғамның өмірі мүмкін емес. Өз дамуында дала көшпенділері әлі күнге дейін әлемнің барлық бөліктерінде қолданылатын өнертабыстар мен техникалық инновациялардың негізін қалаушылар болды.

Музей мерекесіне қатысушылар көшпенділердің бірегей өнертабыстары болып саналатын- даланың қатал жағдайларында өмір сүруге мүмкіндік беретін, материалдық мәдениетті құрайтын- киіз үй және киізбен танысты.

Іс-шараға қатысушылар сонымен қоса ер-тоқым мен үзеңгі көшпенділер империясын қуатты етіп, оның дамуын алға жылжытқаны туралы мәлімет алды. Ал азық-түліктердің ерекше тәсілмен сақталуы тоңазытқыштар мен жертөлелерді қажет етпеді.

Балалар әрбір «тарихтың сиқырлы сандығын» ашқан сайын өте қарапайым, бірақ соншалықты маңызды болып табылатын, осы күнге дейін көп жерлерде қолданылатын көшпенділердің өнертабыстарымен танысып отырды.

Іс-шара әлеуметтік желілерде тікелей эфирде, және офлайн режимінде қала мектептерінің мұғалімдері мен оқушыларының қатысуымен өтті.

2021 жылдың 7 сәуірінде адамның ғарышқа алғашқы ұшуының 60 жылдығына орай «Ғарыш айлағы» интерактивті-танымдық экскурсиясы басталды.

Интерактивті экскурсия қатысушыларға ғарышқа қызықты саяхат жасауға көмектесті. Саяхат ғарыштық тұңғықты игеру тарихын зерттеуден басталды, ғарышты алғаш ашқан адамдармен таныстырды.

Саяхат барысында экскурсияға қатысушылар:

- «Қара жәшік» құпиясын ашты;
- стильденген скафандр киді;
- сынақшы - ұшқыштың шлемі;
- ғарыштық салмақсыздық жағдайында қолданылатын тамақ түрлерін көрді;
- өздерін «Барани креслосының» аналогында сынап көрді.

2021 жылдың 22 сәуірінде Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған интерактивті оқыту ойыны «Этнографиялық квест» басталды.

Квест тапсырмасы жолкөрсеткіштің көмегімен локациялардан өтіп, тапсырмаларды орындап «Шаңырақты» жинау.

Ал жолкөрсеткіш кілтке жабылған сандықта. Кілтті ашу үшін әріптері бар бөшке-лерден санның атауына сәйкес сөз құрастыру керек.

Экскурсанттар 6 локациядан өтеді, оған кіру үшін:

- жәдігер неден жасалғанын анықтап және оның қандай мәдениетке жататынын көрсету керек;
- музыкалық аспаптарды олардың дыбыстары бойынша табу керек;
- нөмірлері бойынша жәдігерлерді тауып, кроссвордты шешу керек;
- қарабайыр ақша түрлерінің қай елге тиесілі екенін анықтау;
- ұлттық тағамдарды дайындау: қазақтың бешбармағын, өзбектің палауын, татарлардың чак-чак деп аталатын тағамын;
- экскурсанттар өткеннің хатын айна бейнесінде оқып шығу үшін құм жәшігінде жасырылған айнаны табуы керек. Хатты оқығаннан кейін олар ұлттық киімдерді мәдениетіне сәйкес орналастыруы керек.

Квестке №6 орта мектебінің 5 «А» сынып оқушылары қатысты.

2021 жылдың 29 сәуірінде Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Зияткерлік этнографиялық аукцион» өтті.

Алғаш рет тікелей эфирде жасына қарамастан барлық тілек білдірушілер өз білімдерімен сайысқа түсті. Зияткерлік шайқасына Қазақстан, Ресей, Германиядан әлеуметтік желідегі жазылушыларымыз қатысты.

Зияткерлік аукционда қазақ, орыс, корей, грек халықтарының материалдық мәдениетінің заттары лотқа қойылды. Олардың арасында қымызға арналған ыдыс-торсық, ерлердің кісе белбеуі, багоди, шабата, музыкалық аспаптар – кеменже, сазсырнай, матрешка, өңіржиек сияқты қолөнер бұйымдары мен зергерлік бұйымдарды көруге болады. Барлығы 10 этнографиялық музей жәдігері ұсынылды.

Музейге тегін кіру билеттері ойнатылды. Кім бірінші және дұрыс жауап берсе, бір билет алды. Нәтижесінде зияткерлік музей аукционының жеңімпаздарына 10 билет кетті.

2021 жылдың 1 маусымында Балаларды қорғау күніне орай «Сараптама» деп аталатын музейлік шарлау басталды.

Ойынға Әлихан Бөкейхан атындағы гимназия оқушылары қатысты. Жас сарапшылар тапқырлықпен, біліммен және үлкейткіш әйнекпен қаруланып, музей залдарынан экспозиция тақырыбына сәйкес келмейтін 10 жәдігер тапты.

Көрме тақырыбына сәйкес келмейтін жәдігерлер нөмірленген болатын, оларды жас сарапшылар жарнамалық кодқа енгізді.

Музейлік сараптаманы аяқтап, промокод жинап, қатысушылар Теміртау музейінен фирмалық кәдесый алды.

2021 жылдың 1 маусымында Балаларды қорғау күніне орай "Мен және менің отбасым" атты балалар көркемсурет галереясы ұйымдастырылды.

Күні бойы әр адам галереяның қатысушысы бола алды. Музейдің жанындағы алаңда бояулар мен қағаздар берілді. Қаланың жас суретшілері өздерінің түрлі-түсті және жарқын суреттерінде отбасы шеңберіндегі есте қаларлық сәттерді салып, оларды музейдің қасбетіне орналастырды.

2021 жылдың 3 маусымында интерактивті «Тілдік квест» ойыны басталды.

Жолкөрсеткіштің көмегімен квест тапсырмасы орындалатын аймақтардан өтіп жасырынған сөздерді табу керек. Ал жолкөрсеткіш кілтпен құлыптанған сандықта жасырынған. Оны ашу үшін сөмкелердегі бірнеше кілттің арасынан қармалап тиісті кілтті табу керек.

Кедергілерден өтіп, кілтті алып, ойынға қатысушылар тапсырма аймақтарына тап болады:

- мұнда сына жазудың мағынасын ашып, пиктографиялық хат салынған қыш ыдысты тауып, сол хаттың мазмұнын анықтайды;
- әр түрлі тілдерде сәлемдесуді үйренеді;
- Сөйлеу қабілеті жоқ адамдардың тілін үйренеді;
- Қара жәшіктің құпиясын ашып, достық мұнарасын тұрғызады;
- әр түрлі халықтардың музыкасына билейді;
- халық ойындарын ойнайды.

Квестке «Арселор Миттал Теміртау» БЖО-ның тәрбиеленушілері қатысты.

2021 жылдың 10 маусым күні қалалық тарихи-өлкетану музейінің алдындағы алаңда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған, биыл 16-шы рет, «Музей қалашығы» атты ауқымды музей іс-шарасы өтті.

Төрт сағат қалашық қонақтары музей алдындағы алаңда орналасқан Музей қалашығының станцияларына саяхат жасады. Жолкөрсеткішті қолдарына алып, олар 8 шығармашылық алаңды аралап кетті.

Әр алаңда қатысушыларға тақырыптары мемлекеттік бағдарламаларға негізделген шығармашылық, зияткерлік, танымдық тапсырмалар ұсынылды.

Жәрмеңке алаңында – келушілер көптеген көне жәдігерлермен танысып, сауда өнері мен экономика негіздерін үйренді, Экостанцияда біздің қаламызды қоқыстан тазартты, құпия қораптарда (кәсіптік бағдар беру станциясы) түрлі мамандықтармен байланысты жасырылған таңғажайып жәдігерлерді тапты, Тарихи лото - қаламыздың тарихы бойынша өзінің білімін тексеріп, «Туған жер» жеңімпазын анықтауға мүмкіндік берді. Әрбір қатысушының арқасында Достық кілемі мен Алма бағы құрылды.

Санитарлық нормалардың талаптарына байланысты келушілер саны шектеулі болды. Музей қалашығына 270-тен астам адам келді.

2021 жылдың 21 маусымында тылда еңбек еткен мұғалімдермен кездесу өтті. Кездесу барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаланы іске асыру шеңберінде музей шығаратын «Теміртаулықтардың өмірінен сыр

шертетін тарих. Қалалықтар» атты кітаптар сериясынан жаңа кітаптың тұсау кесері өтті.

«Мұғалімдер – тыл еңбеккерлері» атты жаңа басылым Ұлы Отан соғысы жылдарында немесе балалық шағы соғыс жылдарына түскен теміртаулық педагогтарға арналған.

Кітапқа бірегей фотосуреттер, деректі материалдар, Теміртау тарихи-өлкетану музейінің қорынан алынған тыл еңбеккерлерінің естеліктері, Афонина Зоя Алексеевнаның жетекшілігімен Теміртау қаласының педагогикалық еңбек ардагерлері кеңесінің іздестіру жұмыстарының нәтижелерімен толықтырылған.

Кітапта 53 тыл еңбеккерлерінің есімдері көрсетілген. Олар: Д.К. Ахметова, Н.Т. Вахитова, теміртаулық ақын және ұстаз Ю. И. Показанов, В. Ф. Яценко, М. И. Эндекю және т. б. Бұл толық тізім емес. Зерттеу жұмыстары жалғасуда.

Кездесуге «Теміртау қаласының білім бөлімі» ММ басшысы Р.К. Қазтаев, педагогикалық еңбек ардагерлері Н.А. Береснева, В. А. Пластун, Л. А. Ходарева, қаланың жоғары сынып оқушылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Кездесуге 30 адам қатысты. Кездесу барлық қажетті санитарлық талаптарды ескере отырып өтті.

2021 жылдың 25 маусымында «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында Теміртау маңындағы алғашқы туристік барлау экспедицияның қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өтті.

Экспедиция 2021 жылдың 21 маусымында басталып, бес күндік тур жасады. Экспедицияға қатысушылар Қарағанды туристік клубының мүшелері: Павел Кистанов, Виктор Королёв, Максим Королёв, Әділ Мұхаметжанов.

Бағыт Самарқанд су қоймасының айналасында өтті. Экспедицияның мақсаты «Киелі география» жобасы аясында өлкенің көрікті жерлерімен, тарихымен, осы жерлердің флорасы мен фаунасымен таныстыру және алдағы уақытта туған өлкенің тарихымен танысқысы және зерттегісі келетіндер үшін туристік бағыттарды дамыту.

Баспасөз конференциясында экспедиция қатысушылары қалалық және облыстық БАҚ журналистерінің сұрақтарына жауап берді. Топ жетекшісі Павел Кистанов өз әсерлерімен, жинаған материалдарымен және жоспарларымен бөлісті.

Баспасөз конференциясында Теміртау қаласы мәслихатының хатшысы А. Б. Ломакин сөз сөйлеп, экспедиция қатысушыларына алғыс хаттар табыс етті.

2021 жылдың 1 шілдесі күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ұлттық домбыра күніне орай онлайн форматта «Домбыра достарын жинайды» атты қуыршақ қойылымы өтті.

Айбатыр мен Настя есімді қуыршақтар Зере әжеге қонаққа барып, домбыра туралы таңғажайып әңгімелер мен аңыздар естіді. Кішкентай көрермендердің назарына домбыра, қобыз, үшбұрыш, сазсырнай, тай тұяқ және т. б. қазақ музыкалық аспаптарының алуан түрі көрсетілді.

Қойылым барысында №2 музыка мектебінің оқушысы Бодыева Элуиза «Балбырауын» атты Құрманғазының күйін орындады.

2021 жылдың 3 шілдесінде Теміртау тарихи-өлкетану мұражайында тікелей эфирде Астананың туған күніне арналған «Бозоқтан Нұр-Сұлтанға дейін» атты зияткерлік этнографиялық аукцион өтті.

Аукцион Instagram - да өтті. Барлық тілек білдірушілер жасына қарамастан өз білімдерімен сайысқа түсті. Сана сайысына Қазақстан мен Ресейдегі жазылушыларымыз қатысты.

Аукционға 8 лот қойылды. Бұл елорданың тарихымен тікелей байланысты музей жәдігерлері, фотосуреттер мен құжаттар. Заттарды көрсетумен қатар сұрақ қойылды. Бірінші болып және дұрыс жауап берген адам музейге тегін келу билетіне ие болды.

20-дан астам жазылушыларымыз аса белсенділік танытты.

Тікелей эфир бейнеролигі әлеуметтік желілерде көрсетілді.

2021 жылдың 15 шілдесінде «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «Алатқа оралу» музейлік aventura ұсынылды.

2019 жылы мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Теміртау музейінің қызметкерлері ата-бабаларымыздың тәсілімен металл балқытуды қайта жаңғырту үшін металлургтердің ежелгі қонысына аттанды.

Біз ежелгі металлургтер болуға тырыстық, кен өндірдік, көмір дайындадық, пеш салдық, металл алдық. Экспедиция нәтижелері бойынша комикстер, кітап, ашық хаттар жинағы шығарылды. Осы жылы біз экспедицияның ғылыми-зерттеу жұмыстарын ойын форматында ұсынуды жөн көрдік.

«Алатқа оралу» - бұл интерактивті ойын. Басталар алдында ойыншылар ойынның мақсаты мен ережелерімен танысты. Ойын текшесі мен чиптерін алды. Әрі қарай, кезек-кезек ойыншылар лақтыру аймағында текшені лақтырып, ойын аймақтарын аралап жүрді: елді мекен, тоқу шеберханасы, Кентөбе кеніші, орман, қыш шеберханасы, дала, батпақ және ежелгі металлургтің шеберханасы.

Әр жерде жәдігерге байланысты тапсырма орындалды.

Ойынның мақсаты - мәреге бірінші болып жету және ежелгі металлургтердің балқыту нәтижесін – қожды көру.

«Алатқа оралу» атты музейлік adventure ойынына келуші ежелгі металлургтердің бағытымен жүріп өтіп, «Алат» қонысы тұрғындарының құпияларын біле алды.

2021 жылдың 30 шілдесінде тікелей эфирде «Теміртаулықтардың өмірінен оқиғалар. Қала тұрғындары» атты кітаптар сериясынан «Подлесных М. С.» кітабының тұсау кесері өтті.

Бұл теміртаулық музейдің соңғы екі жылда басып шығарған «Теміртаулықтардың өмірінен оқиғалар. Қала тұрғындары» атты кітаптар сериясындағы үшінші кітап болды.

Тікелей эфир Instagram-да өтті. Жазылушыларға кітап көрсетілді және оның мазмұнына қысқаша шолу жасалды.

Кітапқа енген өнер туындыларын көрнекі түрде көрсету үшін презентация ұсынылды. Суреттер интерактивті панельде үлкен форматта көрсетілді.

Кітапты талқылауға жазылушылар белсенді қатысып, өздерін қызықтырған сұрақтар қойды.

Тікелей эфир бейнеролигі әлеуметтік желілерде көрсетілді.

2021 жылғы 26 тамызда сағат 15-00-де Конституция Күні қарсаңында "Менің құқықтарым мен міндеттерім" атты брифинг өтті.

Брифинг ҚР Ұлттық ұланының 5516 ә/б мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің қатысуымен бірнеше кезеңде өтті.

I кезең XV - XVIII ғасырлардағы "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы" және Тәуке ханның "Жеті жарғы" кодекстерінен бастап, өзінің бастауымен ғасырлар қойнауына өтіп жатқан Қазақстандағы конституционализм идеясы туралы баяндайтын бейнехроникамен сүйемелденді.

II кезең - архив құжаттары мен фотосуреттері бар экспозициялық блок, Қазақстанның конституциялық құрылысының тарихы туралы сыр шертеді, жазылған бес Конституциясы, оның ішінде 9 бөлімнен және 98 баптан тұратын 1995 жылғы конституциясы бар.

2021 жылдың 29 қыркүйегінде «Мәдени мұра. XX-XXI ғасырлардағы өнерге заманауи көзқарас және Америка Құрама Штаттары мен Қазақстанның мерекелік дәстүрлері» гранттық жобасы аясында Теміртау SOS балалар ауылының бүлдіршіндері жүзеге асырған «Ұрпақ үндестігі арқылы көру» фестивалінің ашылуы өтті.

Музейдің көрме залы фестивальдің орталық алаңына айналды. Мұнда әлем суретшілерінің туындылары мен олардың қайта жаңғыртылған фотосуреттері ұсынылды. Жобаға қатысушылар өз әсерлерімен бөлісіп, шығармашылық үдерісі туралы айтып берді.

Жоба қорытындысы жарияланды, жобаға қатысқандардың барлығын салтанатты түрде марапаттады.

Фестиваль қонақтары акрилді құю, фотография өнері, Тай-дай стилінде футболкалар жасау, саусақ бояуларымен сурет салу және тізбектермен сурет салу бойынша шеберлік сабақтарға қатысты.

2021 жылдың 18 қазанында Рухани келісім күніне орай «Діндер лаңкестікке қарсы» атты сындарлы сұхбат өтті.

«Әлемдік діндер тарихы» залында ұсынылған экспозициялық материалдар негізінде музей ағартушылық қызмет аясында сұхбаттық қарым-қатынас форматында іс-шара өткізді. Қатысушылар қала мектептерінің оқушылары болды.

Діни жиһад мәселелері және оның тарихи аспектісі, жастарды халықаралық лаңкестік топтарға қатыстыру және тарту мәселелері қаралды, Қазақстан Республикасының аумағында қызметіне тыйым салынған лаңкестік және экстремистік ұйымдардың тізімі жария етілді.

Іс-шара барысында ҚР ҰҚК баспасөз қызметі түсірген бейне және деректі материалдар негізінде мультимедиялық презентация қолданылды.

2021 жылдың 21 қазанында "Музей детективі" интерактивті - танымдық ойыны өткізілді.

Ойынға қатысушылар № 2 орта мектебінің оқушылары нағыз детективке айналды және өз тергеуін жүргізді:

дәлелдер жинады; жалған валютаны тапты; қылмыскердің қандай аяқ киім киетінін анықтады; саусақ іздерін алды; заттарға сараптама жасады;

Осыдан кейін криминалистикалық зертханада қылмыскердің фотобейнесін жасады!

2021 жылдың 12 қарашасында Ұлттық валюта күніне және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Нумизматикалық аңыздар» атты зерттеу іс-шарасы өтті.

Іс-шараның бірінші бөлімі «Нумизматика» залында өтті, онда қатысушылар музейдің ауқымды нумизматикалық коллекциясымен танысты. Шынайы монеталар мен бон негізінде олар ақшаның тарихи маңыздылығы туралы, атап айтқанда, қазақстандық теңге коллекциясының мысалында алғашқы теориялық білім алды.

Іс-шараның екінші бөлімі практикалық жеке зерттеу жұмысынан тұрды. Балалар барлық ережелер мен нормаларды ескере отырып, монеталардың музей үлгілерімен жұмыс істеу дағдыларын игерді.

Зерттеу монетаның бетін, сырт жағын және қырын анықтай білуден басталды. ХХ ғасырда соғылған монеталардың нумизматикалық аңызын және қазіргі заманғы қазақстандық ақшаны зерттеу және оқу бойынша ең маңызды жұмыс жүргізілді. 2020 жылы шыққан «Дала қазыналары» сериясынан алынған айналымдағы ақша үлгілері де зерттелді, олардың аңызы оқылып, монеталардың сырт жағындағы кескіннің сәйкестігі зерделенді.

Іс-шараның соңында балалар «Теңге – Тәуелсіздік белгісі» деп аталатын нумизматикалық экспозиция бөлімінде орналасқан «proof» сапалы коллекциялық монеталарды зерттеу барысында алған білімдерін бекітті.

2021жылдың 24 желтоқсанында «Жаңа жылдық көңілді кеш» шоу бағдарламасы ашылды.

Бағдарламаға 80-нен астам қонақ және қала тұрғындары қатысты. Бағдарлама қатысушылары жаңа жылдық интерактивті аймақтарға барып, жаңа жылдық сиқыр әлеміне тап болды.

Әр аймақтың тақырыбы – «сыйлық қап»

- Жорамалдар қабы
- Қорқыныштар қабы
- Тілектер қабы
- Жанасу қабы
- Суретқап

Сонымен қатар музейлік зияткерлік ойындарға қатысты

- Қаппен жекпе-жек
- Музей заттарының дүкені
- «Абстракция» орманы
- Жаңажылдық ретро мультфильмдер
- Қысқы қор қоймасы
- Музей қолтырауыны

Музейге жеңілдікпен кіруге жаңа жылдық сыйлық сертификатын алды. Музей лотереясының ұтыс ойынына қатысты.

2021 жылдың 28 желтоқсанында «Теміртау қалалық тарихи - өлкетану музейі» КМҚК-да «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында шығарылатын «Теміртаулықтардың өмірінен алынған оқиғалар. Қалалықтар» атты музейлік кітаптар сериясының төртінші томы - «Құрыш майталмандары» атты жаңа кітабының тұсаукесері өтті.

«Құрыш майталмандары» атты жаңа басылым теміртаулық металлургтерге, Қазақстанның қара металлургиясы негізін қалаған алғашқы болат балқытушылар мен илектеушілерге арналған.

1942 жылдың сәуірінде қазақ ғалымы Қ.И. Сәтбаевтың белсенді атсалысуымен Самарқанд кентінде (1945 жылдан – Теміртау қаласы) металлургия зауытын салу туралы шешім қабылданды. Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанын ескере отырып, кәсіпорын қысқа мерзімде тұрғызылды. 1944 жылғы 31 желтоқсанда Қазақ металлургия зауыты алғашқы Қазақстандық болатты селдей ағызды.

Бұл оқиға республикада қара металлургияның пайда болуын ғана емес, сонымен қатар металлургтердің ұлттық кадрларының пайда болуының негізін қалады. Арнайы, металлургиялық мамандықтарды игеру үшін, соғыс жылдары, алғашқы мартен пештерінде жұмыс істеген, қазақ ұлтының 2000-ға жуық бозбаласы жұмылдырылды.

Музейдің жаңа басылымы алғашқы металлды бағындырған, құрыш майталмандарына арналған.

Кітапқа алғашқы металлургтер: Социалистік Еңбек Ерлері А.Дәрібаев, Е. Байғазиев, М. Мүслімов, Еңбек Ері А. Жүнісов, Қазақстанның еңбек сіңірген металлургтері С. Кәкенов, М. Ыбыраев және т. б. қатысты бірегей фотосуреттер, деректі материалдар енгізілген.

Басылымда ұсынылған материалдар Қазақстандағы алғашқы қара металлургия кәсіпорны – Қазақ металлургия зауытының (1944-1996 жж.), кейіннен Қарағанды металлургия комбинатының құрамына кірген – қазір «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның тарихын көрсетеді.

«Теміртаулықтардың өмірінен алынған оқиғалар. Қалалықтар» сериясының кезекті басылымы «Құрыш майталмандары» кітабының тұсаукесеріне металлургиялық өндірістің ардагерлері, қаланың жоғары сынып оқушылары, қалалық және облыстық БАҚ өкілдері келді.

Тұсаукесер барысында барлық санитарлық талаптар сақталды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша, жаппай ғылыми - ағарту жұмыстарының көрсеткіштерін қанағаттанарлық деп санауға болады, шектеулерге қарамастан (пандемия) 2018 жылғы көрсеткіштерге оралдық. Бірақ санитарлық талаптарға байланысты дәстүрлі акциялар мен мерекелер өткізілген жоқ.

6. Онлайн жұмыс.

COVID-19 пандемиясына және қабылданған санитарлық-эпидемиологиялық шараларға байланысты музей жұмысы жаңа –онлайн форматына көшірілді. Бұл форматта экспозициялардың ашылуы, ағартушылық және білім беру бағдарламалары өткізілді.

Бір жыл ішінде әлеуметтік желілерде 20 ғылыми жоба іске асырылды, онда 478 шығарылым жасалды, 1 817 135 адам қамтылды.

	Жоба	Шығарылым атауы және нөмірі	Өткізілу форматы	Қаралым ы
1.	Музей заты	№ 33- 83 шығарылым	Апта жұмбағы	421 905
2.	Музейлік тәжірибелер	Ғылыми –зерттеу жобасы	Тарихи тәжірибелер	28 080
3.	«Тарихи сәйкессіздік» -	№ 36-89 шығарылым	Фотожұмбақ	763 405
4.	«Менің қалам. Тарихи кезеңдер» -	Ғылыми –зерттеу жобасы	Бейнебаян	63 751
5.	Музей оқиғалары	Публицистикалық жоба	фототарих	42 625
6.	«Теміртау өз батырлары туралы. Бір ерліктің тарихы»	6 шығарылым	Виртуалды көпшілік акциясы	26 687
7.	Экспонат месяца	12 шығарылым	экспозиция, тікелей эфир	53 820
8.	Тікелей эфирде экспозициялардың ашылуы - Ойын-сауық сюжеттері, промо роликтер, акциялар, челленджер	32 тақырып екі тілде	Тікелей эфир	143 995
9.	Музейлік мерекелер	Музей қалашығы 2021	Музей мерекесі	3 781
		Жаңажылдық көңілді кеш	Музейлік Жаңа жыл	9 891
10.	«Z ұрпағы сөйледі» жобасы	1-38 шығарылым	Музейлік сұхбаттар	43 119
11.	Шеберлік сабақтар	«Фелтинг көне өнері» Е. Темиршаихова	Шеберлік сабақ	6 090
12.	«Музей сұрақ қояды» жобасы	«Қазақстанның ғарыш одиссеясы»	Музейлік тергеу	16 983
		Асар		6 537
13.	Тарихи тергеулер	«40-шы	Музейлік тергеу	36 551

		жылғылардың балалық шағы»		
14.	Документалды кино күні	«Жігіттер кетіп жатты...»	Документалды хроника	9 805
15.	Мәтіндік публикациялар	20 әртүрлі тақырыпта	Өткізілген іс-шаралар туралы пост	151 940
16.	«Мәңгілік Елдің 7 қағидаты» ҚР Тәуелсіздігінің қалыптасуының 30 кезеңі» жобасы	7 шығарылым	Бейнебаян	27 562
17.	Онлайн - сабақтар		сабақ	1 009
18.	Түрлі тақырыптағы бейне баяндар	Теміртау маңындағы алғашқы туристік барлау экспедицияның қатысушыларымен баспасөз конференциясы	пресс-конференцияны көрсету	10 483
19.	«Кеңес қажет» онлайн-айдары	1-10 шығарылым	Сұрақ-жауап онлайн-айдары	43 120
20.	Tik Tok			7 143
Барлығы:				1 817 135

2021 жылдың қорытындысы бойынша музейдің онлайн өнімі сұранысқа ие, бірақ көрерменді біркелкі жұмыс түрі қызықтырмайды. Біркелкілік музейдің техникалық дайындығының нашарлығынан және бағдарламашы мамандардың жоқтығынан туындайды. Бұл ретте қызметтің бұл түрі музей үшін бейіндік болып табылмайды. Көрерменді музей залдарына қайтару үшін репортаж санын біртіндеп азайтудамыз. Бүгінгі таңда біз жарияланымдардың нысанын өзгерттік, ақпараттық форматтан жарнамалық-қызығушылық форматына көштік.

7. Музейдің әдістемелік жұмысы.

Есепті жылы музейдің әдістемелік іс-шаралар тізбесіне елеулі өзгерістер енгізілді. Мұражайдың ғылыми-әдістемелік кеңесінің жаңа құрамы жасақталды. Музей қызметкерлері "Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" ММ ұсынымы бойынша Қарағанды облысының аудандық музейлерінің қызметкерлері үшін әдістемелік семинарлар өткізді.:

	Мерзімі	Тақырыбы	мазмұны
1.	15-16 наурыз 2021 ж.	Қарағанды музейлерінің экскурсия жүргізушілері үшін. "Ескі проблемаларды шешудің жаңа тәсілдері".	экскурсиялық-бұқаралық жұмыстың жаңа әдістері мен ережелері туралы
2.	15-16 сәуір 2021 ж.	"Музей кеңістігі - мағыналар мен нышандар аумағы"	ТТӨМ қызметі үлгісінде экспозициялық, бұқаралық-ағартушылық жұмыстардың теориясы мен практикасы

Теміртау қаласының «Қалалық білім бөлімі» ММ көмегімен Теміртау қаласының оқу мекемелерімен музей сабақтары мен білім беру бағдарламаларын өткізу туралы меморандумдар жасалды.

Өлке тарихын зерттеу бойынша бірлескен жұмыс музей базасында «Қала мектептері оқушыларының ғылыми-зерттеу бірлестігі» құрылуының негізін қалады. Covid-19 пандемиясына байланысты жұмыс тоқтатылды.

Музей клубтарының жұмысы:

«Т-АРТ» клубы

Жыл бойы музейде музей қызметкерлерінің бастамасымен ұйымдастырылған «Т-АРТ» қала суретшілерінің клубы жұмыс істеді. Клуб ай сайынғы отырыстарды өткізеді. Олар бір көрме ұйымдастырып, дайындады. Клуб мүшелерінің пленерге шығуына бастама жасалды. Клуб жанынан құрылған көркемдік кеңес жас және жаңадан бастаған суретшілер арасында мәдени-білім беру жұмыстарын жүргізеді.

«Нумизмат» клубы

«Коллекционер» клубы музейдің «Нумизматика» залында жұмыс істейді. Олар отырыстарды тоқсанына бір рет өткізеді. Клуб мүшелері қаланың нумизматтары үшін кеңес береді. Өз коллекцияларын көрсетіп, алмасу жүргізеді.

«Жас зерттеушілер» клубы

«Үлкен металдың қайнар көзі» ғылыми-зерттеу жобасының жұмысы аясында құрылды. Оның қатысушылары қала мектептерінің жоғарғы сынып оқушылары. Жұмыс Теміртау қаласының мұрағаттарында ғылыми материалдарды жинау және өңдеу бойынша жүргізілді.

«Барлығына арналған музей» әлеуметтік жобалары - ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған бейімдеу бағдарламалары іске асырылды. Осы бағдарлама аясында «Радуга» ҚБ, «Барс» ҚБ, мүгедектердің бос уақыты ТМУ КМК жұмыс істеді.

Жаз бойы Теміртау политехникалық колледжінің «Дизайн және жарнама» факультетінің студенттері тәжірибеден өтті. Сонымен қатар қаланың орта мектептерінің оқушыларымен экскурсоводтар клубы жұмыс істеді.

Үкіметтік емес ұйымдармен: ұлттық мәдени орталықтармен, «Нұр Отан» ХДП-мен, діни бірлестіктермен тығыз жұмыс істеді.

Халықаралық конкурстарға қатысу және жүлде:

- "Адамдарға арналған музей» музей маркетингі мен қонақжайлылықтың халықаралық фестивалі онлайн-форматта 2021 жылдың 20 және 21 қазанында Новосибирск қаласында өтеді
- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және "Алаш Орда" негізін қалаушылар, қоғам қайраткерлері Ә.Бөкейхановтың, А. Ермековтың, Ж. Ақбаевтың мерейтойына арналған "Алаш Орда мемлекеті және Тәуелсіз Қазақстан" атты "ғылыми жобалар байқауы" номинациясы бойынша халықаралық байқау.

Ә.Бөкейхановтың мерейтойы бойынша ғылыми-зерттеу жобаларының конкурстарын, Теміртау қаласының тарихи оқиғалары, Теміртау қаласының тарихын зерттеуді насихаттау мақсатында музейдің зерттеу тақырыптарына сурет салу конкурстары өткізілді.

8. Баспа қызметі және БАҚ. Ғылыми кітапхана және ғылыми мұрағат.

Музей ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша келесі баспа басылымдарын шығарды:

№	Мақала атауы	жинақ/журнал атауы (баспа нөмірі)	Авторы	Басылған мерзімі
1.	«Теміртаулықтардың өмірінен оқиғалар. Қала тұрғындары»	«Теміртаулықтардың өмірінен оқиғалар. Қала тұрғындары» атты кітаптар сериясынан «Подлесных М. С.» альбом-	Скорикова Н.Д. – ТТӨМ директоры. Трещева С.П. – ТТӨМ аға ғылыми	2021 ж.

	атты кітаптар сериясынан альбом-кітап	кітабы. Кітап Теміртау қаласының белгілі суретшісі М.С.Подлесныхқа арналған	қызметкері.	
2.	«Теміртаулықтардың өмірінен оқиғалар. Қала тұрғындары» атты кітаптар сериясынан альбом-кітап	«Теміртаулықтардың өмірінен оқиғалар» альбомы. Қала тұрғындары. Мұғалімдер тыл еңбеккерлері» атты кітаптар сериясынан альбом	Скорикова Н.Д. – ТТӨМ директоры. Хмелева Т.В. – ТТӨМ аға ғылыми қызметкері.	2021 ж.
3.	«Теміртаулықтардың өмірінен оқиғалар. Қала тұрғындары» атты кітаптар сериясынан альбом-кітап	«Теміртаулықтардың өмірінен оқиғалар» альбомы. Қала тұрғындары. Мұғалімдер тыл еңбеккерлері» атты кітаптар сериясынан альбом	Скорикова Н.Д. – ТТӨМ директоры. Хмелева Т.В. – ТТӨМ аға ғылыми қызметкері.	2021 ж.

Ғылыми қызметкерлер онлайн режимінде шығарылған және 7 әлеуметтік желіде орналастырылған роликтер үшін ғылыми мәтіндер жазды.

Пән мұғалімдеріне көмек ретінде 2020-2021 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда қолдану үшін тақырыптық «Музей сабақтары – экскурсиялар» тізімі бар ақпараттық анықтамалық шығарылды.

Келушілерді қызықтыру және жарнама мақсатында өткізілетін экскурсиялар тақырыбы ұсынылған басылымдарды қаладағы оқу орындарына тарату ұйымдастырылды. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде және қор жинағының көрмелері бойынша кітапшалар басылып шығарылды.

Есеп беру кезеңде Теміртау музейінің жұмысы туралы **52 мақала жарияланды** және Теміртау қаласының, Қарағанды облысының және республиканың теледидар арналары бойынша **24 репортаж көрсетілді**.

Музей қызметкерлері Теміртаулық бұқаралық ақпарат құрал журналистерімен тығыз байланыста жұмыс істейді, оларға мақалаларына ақпарат дайындауға көмектеседі.

Ғылыми қызметкерлер қаланың TV компаниялары үшін сюжеттерге сценарий дайындап, және де сол репортажды түсіруге тікелей қатысты.

Жыл бойы музейдің келесі әлеуметтік желілерінде материалдар жарияланды:

1. «Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» ресми сайт - <http://museum.temirtay.kz/>
2. «Одноклассники» - <https://ok.ru/profile/587384616207>
3. «ВК» - <https://vk.com/id384276791>
4. «Facebook» - <https://www.facebook.com/Темиртаускиймузей>
5. «YouTube» - https://www.youtube.com/channel/UCyX8PgdiPqrBqhmplH_8zLw/videos?view_as=subscriber
6. «Instagram» - <https://instagram.com/temirtau.muзей?igshid=m0h4yt7ax10>
7. Телеграмм-канал - @museumtemirtau

9. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.

Ақылы қызметтің негізгі ауыртпалығы қала оқушылары үшін жүргізілетін экскурсияға түседі. Ұйымдастырушы-экскурсоводпен жүйелі хабарландыру жарнамасы, оқу үрдісінде музейлік педагогиканы қолдану әдістемелігі дайындалып, осының арқасында көрсететін ақылы қызмет көлемі кеңейтілді.

Музейді зерттеу бойынша ақылы кеңес беріледі. Қорда сақталатын құжат және фото материалдармен жұмыс жасауға мүмкіндік беріледі.

Теміртау тарихи-өлкетану музейінде көрсетілетін негізгі ақылы қызметтер:

- экскурсиялар (стационарлы және сырттай)
- қала бойынша экскурсиялар
- жеке келушілер
- әдістемелік ұсыныстарды тарату
- ғылыми қызметкерлердің ақылы кеңестері.

10. Біліктілікті арттыру.

2020 жылы Теміртау тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері Республикалық және Халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларға белсене қатысты.

- Көкшетау қаласының «Музей өнері - біздің жадымыздың тарихы» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясына қатыстық.
- SOS киндердорф халықаралық ұйымы және АҚШ елшілігі ұйымдастырған «Ашық мүмкіндіктер» халықаралық конференциясы.
- Республикалық ғылыми-практикалық конференциялар
- Қалалық онлайн ғылыми-практикалық конференциялар.

Халықаралық конкурстарға қатысу және жүлде:

- "Адамдарға арналған музей» музей маркетингі мен қонақжайлылықтың халықаралық фестивалі онлайн-форматта 2021 жылдың 20 және 21 қазанында Новосибирск қаласында өтеді
- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және "Алаш Орда" негізін қалаушылар, қоғам қайраткерлері Ә.Бөкейхановтың, А. Ермековтың, Ж. Ақбаевтың мерейтойына арналған "Алаш Орда мемлекеті және Тәуелсіз Қазақстан" атты "Ғылыми жобалар байқауы" номинациясы бойынша халықаралық байқау.

Ә.Бөкейхановтың мерейтойы бойынша ғылыми-зерттеу жобаларының конкурстарын, Теміртау қаласының тарихи оқиғалары, Теміртау қаласының тарихын зерттеуді насихаттау мақсатында музейдің зерттеу тақырыптарына сурет салу конкурстары өткізілді.

Есеп беру кезеңі ішінде өзіндік білімді көтеру үшін ғылыми-әдебиет қоры толықтырылды, жыл бойы музей жұмысының қырыны бойынша газеттер мен журналдарға жазылу жүргізілді.

11. Музейдің материалдық-техникалық базасы.

КМҚК «Теміртаулық тарихи-өлкетану музейі» облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Бюджет қаржысынан экспозицияны қалыптастыруға және іс-шараларды өткізуге қажетті материалдар сатып алынды

Меншікті қаражаттан 720,0 мың теңгеге 2 жаңа компьютер сатып алынды.

Бүгінгі күнде музейдегі техникалық жабдықтар:

- Компьютерлер – 8 дана.
- Принтерлер – 3 дана.
- МФУ – 2 дана
- Проектор – 1 дана.
- Телевизор СК - 1 дана.
- Акустикалық жүйе – 1 дана
- Аудио гид - 25. Дана
- Сенсорлық видео-панель - 1

Теміртаулық музейдің материалдық -техникалық базасын жақсарту үшін қажет:

- автобус
- калориферлер

- климатбақылаушы құралдар
- музейлік жаңа құрал-жабдықтар
- реттеу жүйесі бар ылғалдылық көрсеткіш
- Проекциялық құрал

13. Музей қорғанысы.

«Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын күзетшілер қорғайды. Музейдің ішкі және сыртқы аумағы бойынша бейнебақылау орнатылды.

14. Қорытынды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Covid-19 пандемиясы негізгі көрсеткіштер жоспарына өзгерістер енгізді.

Экскурсия көлемін ұлғайту үшін 2021 жылы ғылыми-жинақтау жұмыстары жүргізілді, бұл бұрын ашылмаған жаңа тақырыптар бойынша экспозицияларды ашуға мүмкіндік берді.

Жұмыс дәрежесін жақсарту үшін қажет:

- Штатқа музейлік педагог, өнертанушы, программист, дизайнер ставкаларын енгізу;
- Қауіпсіздікті және музей аптасына 6 күн жұмыс істеу мүмкіндігін жасау үшін 4 қараушы мөлшерлемесін қосу;
- Автобус сатып алу және жүргізуші ставкасын енгізу.
- Сырттай жүргізілетін көрме үшін тақырыптар тізімін кеңейту
- Келісімді -экскурсиялық қызметін көрсету жүйесіне көшу.
- Экспонаттар сатып алу үшін бюджетке жалпы соманы енгізу
- Музейге келушілердің санын көбейту
- «Туған өлке табиғаты» залын реэкспозициялау
- Ғылыми- зерттеу және жинақтау қызметінің саласын кеңейту.
- Көрсетілетін қызмет түрлерін кеңейту
- Жұмыс жағдайын жақсарту

15. 2022 жылға қойылған міндеттер

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жаңарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;
- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;

- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени–жаппай және туристік–экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

**Теміртау тарихи - өлкетану
музейінің басшысы:**

Н.Скорикова